

Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді жанама әдістер (активтер, міндеттемелер, айналымдар, шығындар, шығыстар) негізінде айқындау ережесін бекіту туралы

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2007 жылғы 6 желтоқсандағы N 445 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 26 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5069 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 5 бұйрығымен.

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.09 N 5 бұйрығымен*

----- Бұйрықтан үзінді -----

*Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

*1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.*

*2 . . . . .*  
*3 . . . . .*

*4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.*

*Министр*

*Б.Жәмішев*

*Қ а з а қ с т а н*

*Р е с п у б л и к а с ы*

*Қ а р ж ы*

*М и н и с т р д і ң*

*2 0 0 9*

*ж ы л ғ ы*

*9*

*қ а ң т а р д а ғ ы*

*№ 5 бұйрығына қосымша*

*Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

*1 . . . . .*  
*. . . . .*

*27. "Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді жанама әдістер (активтер, міндеттемелер, айналымдар, шығындар, шығыстар) негізінде айқындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2007 жылғы 6 желтоқсандағы № 445 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5069 болып тіркелді, "Заң газеті" газетінде 2008 жылғы 18 қаңтардағы № 8, "Ресми газет" газетінде 2007 жылғы 2 ақпандағы № 5 жарияланды).*

*Қолданушылардың назарына!!!*

*Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.*

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 76-бабы 1-тармағын іске  
асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді жанама әдістер (активтер, міндеттемелер, айналымдар, шығындар, шығыстар) негізінде айқындау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті (Н.Қ. Рахметов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін және осы бұйрықты Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға шаралар қабылдасын.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің м.а.*

" К е л і с і л д і "

Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрі

*2007 жылғы 12 желтоқсан*

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің м.а.

2007 жылғы 6 желтоқсандағы

№ 445 бұйрығымен

бекітілген

**САЛЫҚ САЛУ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН САЛЫҚ САЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ  
ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖАНАМА ӘДІСТЕР (АКТИВТЕР, МІНДЕТТЕМЕЛЕР,  
АЙНАЛЫМДАР, ШЫҒЫНДАР, ШЫҒЫСТАР) НЕГІЗІНДЕ АЙҚЫНДАУ  
ЕРЕЖЕСІ**

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 76-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген. Ереже есеп жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда салық қызметі органдарының есеп құжаттамалары жоғалған немесе жойылған кезде салық тексеруі барысында салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді жанама әдістер (активтер, міндеттемелер, айналымдар, шығындар, шығыстар) негізінде айқындау тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереженің мақсаты үшін есепті жүргізу тәртібінің бұзылуы, есеп құжаттамаларының жоғалуы немесе жойылуы деп салық салу объектілері мен

салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салық міндеттемелерін есептеу үшін негіз болып табылатын құжаттардың болмауы ұғынылады.

3. Салық төлеушінің салық міндеттемелерін есептеу үшін салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді айқындауға негіз болып табылатын құжаттарды, сондай-ақ Салық кодексі 535-бабының 4-тармағына сәйкес салық қызметі органдарының талаптары негізінде сұрау салынған құжаттарды табыс етпеуі осы Ереженің мақсаты үшін құжаттар болмаған ( жоғалған) деп танылады.

4. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді айқындаудың жанама әдістері деп салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомаларын активтерді, міндеттемелерді, айналымды, шығыстарды бағалау, сондай-ақ Салық кодексіне сәйкес нақты салыққа және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемге қатысты салық міндеттемелерін есептеу үшін қабылданған басқа салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді бағалау негізінде айқындау ұғынылады. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді бағалау салық есептілігі немесе алғашқы есеп құжаттарынан өзге көздерден алынған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

## **2. АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ**

5. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді жанама әдістер негізінде айқындау үшін салық қызметі органдары жағдайларға, тексерілетін салық төлеуші қызметінің сипаты мен тегіне байланысты мыналарға :

1) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұ й ы м д а р ғ а ;

2) тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға, мемлекеттік емес ұйымдарға, жергілікті атқарушы органдарға ресми сұрау салу жібереді.

6. Ақпарат көздері жағдайларға, тексерілетін салық төлеуші қызметінің сипаты мен тегіне байланысты әрбір нақты жағдайда ерекшеленуі мүмкін.

## **3. САЛЫҚ САЛУ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН САЛЫҚ САЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ОБЪЕКТІЛЕРДІ АЙҚЫНДАУ**

7. Салық төлеуші алған табыстардың көрсеткішін айқындау Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған банк құжаттамасы немесе басқа да ақпарат, сондай-ақ осы Ереженің 2-бөліміне сәйкес жіберілген сұрау салулар бойынша алынған ақпарат бойынша жүргізіледі.

8. Табыс көрсеткішін есептеу үшін банктік көшірме жазбалармен расталған салық төлеушінің банктік шоттарына ақшаның түскені туралы ақпарат, төлем карточкалары, сондай-ақ басқа да төлем және есеп айырысу құжаттары және салық төлеушінің ақшаны алу фактісін растайтын басқалай ақпарат (құжаттар) пайдаланылады.

9. Осы Ережелердің 2-бөлімінде айқындалған ұйымдар тексерілетін салық төлеушіде басқа да алынған (алынуы тиіс) табыстары бар екендігі туралы ақпарат берген кезде аталған табыстардың шамасы табыстың жалпы сомасына (салық салынатын айналымға) енгізілуге жатады.

10. Қазақстан Республикасының кеден органдары берген ақпараттың негізінде салық төлеушінің экспорт операцияларынан валюталық түсім сомасы бар екені анықталған жағдайда аталған валюталық түсім сомасы өткізу бойынша айналымдар мөлшеріне және жылдық жиынтық табыс құрамына енгізіледі.

11. Тұрлаулы акциз ставкалары белгіленген акцизделетін тауарлар бойынша салық салынатын базаны анықтау кезінде салық базасы заттай нысанда өндірілген, өткізілген акцизделетін тауарлар көлемі ретінде айқындалады, ал адвалорлық акциз ставкалары белгіленген акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы өндіруші осы тауарды акциздер мен қосылған құн салығын енгізбей беретін бағалар бойынша анықталатын өндірілген, өткізілген акцизделетін тауарлар құны ретінде айқындалады.

12. Салық төлеушінің негізгі құралдарының, оның ішінде аяқталмаған құрылыс объектілерінің, көлік құралдарының, жер учаскелерінің, материалдық емес активтерінің, инвестициялық жылжымайтын мүлкінің бастапқы құнын растайтын құжаттары болмаған (жоғалған) кезде салық төлеушінің жиынтық табысына аталған мүліктің нарықтық құны қосылады.

13. Осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген объектілердің нарықтық құны салық қызметі органдары "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Заңына сәйкес қызметін жүзеге асыратын бағалаушыны тартатын есеп негізінде айқындалады.

14. Банк шотынан жалақы төлеуге ақша алу және (немесе) банк шотынан жеке тұлғалардың карт-шоттарына ақша аудару фактілері анықталған кездегі ақшалар да жеке табыс салығын, әлеуметтік салық салу объектілері болуы мүмкін. Бұл ретте салық міндеттемесі банк салық төлеушінің салық төлеушіге немесе үшінші тұлғаларға тиісті ақша сомаларын аудару (беру) туралы өкімін орындаған кезде туындайды.

15. Осы Ережеде көрсетілмеген салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді айқындау Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК